

Білім беру бағдарламасы	6B06104 - SMART жүйелерді жобалау
БББ мақсаты	Интернеттің жүйелері мен сервистерін әзірлеу, басқару және SMART технологияларды қолдану бойынша іргелі білімі мен практикалық талдау дағдыларын меңгерген мультидисциплинарлық тәсіл негізінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында кадрлар даярлау.
БББ түрі	Инновациялық
ҰБШ бойынша деңгей	6
СБШ бойынша деңгей	6
Берілетін академиялық дәреже	«6B06104-SMART жүйелерді жобалау» білім беру бағдарламасы бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласының бакалавры
Оқыту мерзімі	4
Кредиттердің көлемі	240
Оқыту тілі	қазақ, орыс
Басқарма отырысында БББ бекіту күні	10.04.2023 (хаттама № 9)
Кәсіби стандарт	"Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу" кәсіби стандарты; " SMART жүйелерді жобалау қосымшаларын әзірлеу" кәсіби стандарты; "IoT жүйелерін әзірлеу" кәсіби стандарты.

№	Оқытудың нәтижесі
1	Әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық ғылымдар саласындағы іргелі білім мен дағдылар негізінде қазақстандық қоғамды жаңғырту мен цифрландырудағы олардың рөлі тұрғысынан көптілді ортада тұлғааралық және мәдениетаралық коммуникация кезінде белсенді азаматтық ұстаным таныту.
2	Құқықтық, кәсіпкерлік, өндірістік, экологиялық ортадағы қоғамдық әлеуметтік маңызды құбылыстар мен процестерді түсінудің инновациялық тәсілдерін бағалау.
3	Әр түрлі мәселелерді шешуде тиімді модельдеу құралдарын, аппараттық және бағдарламалық компоненттерді талдау және таңдау негізінде компьютерлік желілерді дамыту.
4	Талдау негізінде сапалы математикалық және физикалық зерттеулер жүргізу.
5	Ақпараттық жүйелер мен технологияларды жобалау кезінде ақпарат жинау және сапасын бақылау әдістері мен қабілетін меңгеру.
6	Компьютерлік жаНПықтарды орналастыру кезінде жұмыс орындарын ұйымдастыруға, олардың техникалық жаНПықталуына қойылатын техникалық талаптарды әзірлейді, жасанды интеллект, машиналық оқыту, компьютерлік жүйелер мен желілер саласындағы сипаттамаларды талдау және есептеу мәселелерін шешу әдістерін білу.
7	Мобильдік қосымшаны құру кезінде бағдарламалау құралдары мен ортасын меңгеру, мәтіндік материалдарға қосымша цифрлық аудиовизуалды материалдарды пайдаланатын электрондық-білім беру ресурстарын әзірлеу.
8	Деректер базасын құру, басқару және қолдану үшін заманауи ДҚБЖ арқылы ақпараттық модельдерді жобалау.
9	Бағдарламалау мен графиканың кәсіби саласында шет тілін меңгеру, графикалық кітапханалармен және заманауи графикалық пакеттер мен жүйелерде жұмыс істеу дағдыларын меңгеру.
10	Мобильді жүйелерді жобалау әдістерін қолдану тиімділігін және эксперименттер мен зерттеулерді жоспарлау нәтижелерін талдау.
11	Интернет қызметтерін дамыту және SMART технологияларды қолдану үшін нейрондық желілерде құрылған математикалық модельдердің негізгі тұжырымдамалары мен алгоритмдері туралы тұтас көзқарасты бағалау.
12	Қаржылық инновацияларды, криптографиялық әдістер мен блокчейн технологияларын қолдану мүмкіндіктерін бағалау кезінде практикалық қызметте қаржы құралдарын пайдалану.